

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИЕТАЛЫҚ ЕТ НАРЫҒЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

KAZAKHSTAN DIETARY MEAT MARKET: ECONOMIC ASPECTS

КАЗАХСТАНСКИЙ РЫНОК ДИЕТИЧЕСКОГО МЯСА: ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Е.Е. ГРИДНЕВА*

э.ф.к., доцент

Г.Ш. ҚАЛИАҚПАРОВА

Ph.D докторы

К.Ш. СЫЗДЫКОВА

э.ф.к.

«Қайнар» Академиясы, Алматы, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: elengred@mail.ru**YE.E. GRIDNEVA***

C.E.Sc., Associate Professor

G.SH. KALIAKPAROVA

Ph.D

K.SH. SYZDYKOVA

C.E.Sc.

“Kainar” Academy, Almaty, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: elengred@mail.ru**Е.Е. ГРИДНЕВА***

к.э.н., доцент

Г.Ш. КАЛИАКПАРОВА

доктор Ph.D

К.Ш. СЫЗДЫКОВА

к.э.н.

Академия «Кайнар», Алматы, Казахстан

*электронная почта автора: elengred@mail.ru

Аңдатпа. **Мақсаты** – Қазақстанда диеталық ет өндірудің ерекшеліктері мен перспективаларын айқындау, оны тежейтін проблемаларды ашу. **Әдістері** – статистикалық, социологиялық, аналитикалық. **Нәтижелер** – құс шаруашылығы мен қоян шаруашылығы салаларының дамуы көрсетілген. Диеталық ет нарығын кеңейтудің қосымша мүмкіндіктері талданды: түйеқұс, бөдене, күрке тауық және т.б. жұмыста ет пен құс етінің экспорты мен импортына баға берілген, бірнеше жылдар ішіндегі құс шаруашылығы көрсеткіштерінің динамикасы қаралған. Ірі қара мал мен түйеқұстарды өсіру тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізілген. Диеталық ет өндірісін кеңейту процестерін тежейтін себептер жинақталған: жақын және алыс шетелдердің өндіруші елдерінің бәсекелестік артықшылықтары; халықтың тарихи қалыптасқан менталитеті; жарнамалық өнімдердің төмен деңгейі; Түйеқұстар мен қояндардың етіне ветеринариялық сертификаттаудың болмауы, құс тұмауы; инвесторлардың елеусіз қызығушылығы. **Қортынды** – кәсіпкерлікті жеңілдікпен кредиттеу, бизнестің осы түрінің қалыптасуы кезеңінде кәсіпорындарды салықтан босату негізінде саланы дамытуды пәрменді мемлекеттік қолдау, өнімді сертификаттау саласында мемлекеттің жәрдемдесуі; инвесторлардың саланың мүмкіндіктерін кеңейту бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды қолдауы; оны жаңғырту, жаңа жабдықтармен жарақтандыру, экологиялық таза органикалық өнім алу технологияларын жетілдіру қажет. Диеталық ет өндіру экономикалық жағынан тиімді және оны Қазақстан Республикасының аумағында жан-жақты таратуға мүмкіндіктері бар.

Abstract. *The goal* is to identify the features and prospects for production of dietary meat in Kazakhstan, to reveal the problems that constrain it. *Methods* – statistical, sociological research, analytical. *Results* – the development of poultry and rabbit breeding industries is shown. Additional opportunities for expanding the dietary meat market are analyzed: growing ostriches, quails, turkeys, etc. The paper assesses the export and import of poultry meat and by-products, the dynamics of

poultry farming indicators over a number of years. A comparative analysis of the efficiency of breeding cattle and ostriches has been carried out. The reasons hindering the expansion of production of dietary meat are summarized: competitive advantages of producing countries in CIS and abroad; historically developed mentality of the population; low level of advertizing; lack of veterinary certification for ostrich and rabbit meat, bird flu; insignificant interest from investors. *Conclusions* – there is a need for effective public support for the development of the industry on the basis of concessional lending to entrepreneurship, tax exemption for enterprises during the formation of this type of business, public assistance in the field of product certification; support for R&D by investor to empower the industry; its modernization, equipping with the latest equipment, improving technologies for obtaining environmentally friendly organic products. The production of dietary meat is economically profitable and has the potential for its comprehensive distribution on the territory of the Republic of Kazakhstan.

Аннотация. *Цель* – обозначить особенности и перспективы производства диетического мяса в Казахстане, раскрыть проблемы его сдерживающие. *Методы* – статистический, социологического исследования, аналитический. *Результаты* – показано развитие отраслей птицеводства и кролиководства. Проанализированы дополнительные возможности расширения рынка диетического мяса: выращивание страусов, перепелов, индейки и др. В работе дана оценка экспорта и импорта мяса и субпродуктов домашней птицы, динамика показателей птицеводства за ряд лет. Проведен сравнительный анализ эффективности разведения крупного рогатого скота и страусов. Обобщены причины, сдерживающие процессы расширения производства диетического мяса: конкурентные преимущества стран-производителей ближнего и дальнего зарубежья; исторически сложившийся менталитет населения; низкий уровень рекламной продукции; отсутствие ветеринарной сертификации на мясо страусов и кроликов, птичий грипп; незначительный интерес инвесторов. *Выводы* – необходима действенная государственная поддержка развития отрасли на основе льготного кредитования предпринимательства, освобождения от налогов предприятий в период становления данного вида бизнеса, содействие государства в области сертификации продуктов; поддержка инвесторами научно-исследовательских и проектно-конструкторских работ по расширению возможностей отрасли; ее модернизация, оснащение новейшим оборудованием, совершенствование технологий получения экологически чистой органической продукции. Производство диетического мяса экономически выгодно и имеет возможности для его всестороннего распространения на территории Республики Казахстан.

Түйінді сөздер: диеталық ет, дұрыс тамақтану, тауық еті, бөдене, түйеқұс, күркетауық, Қоян еті, қалдықсыз өндіріс, өтелімділік, рентабельділік, экспорт, импорт.

Key words: dietary meat, healthy nutrition, chicken meat, quail, ostrich, turkey, rabbit, non-waste production, payback, profitability, export, import.

Ключевые слова: диетическое мясо, здоровое питание, мясо курицы, перепела, страуса, индейки, кроликов, безотходное производство, окупаемость, рентабельность, экспорт, импорт.

Kipicne. Диеталық ет майлылығы төмен болып саналады. Құнарлылығы, сондай-ақ май мен холестерин мөлшерінің аз болуына байланысты диеталық ет денсаулығына қарайтын халық арасында танымал болып отыр. Сондай-ақ, бұл еттің құрамында адам ағзасына қажетті магний, фосфор, кальций, темір және басқа да элементтер бар екенін атап өту қажет. Еттің бұл түрі белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар арасында ерекше танымал.

Негізінен бұл ет түріне қазіргі құс және қоян шаруашылығы жатады. Сонымен қатар, әрбір құс диеталық өнімге жатқызылмайды, мысалы, үйрек пен қаздың еті майлы болып саналады, сондықтан оны диеталық етке жатқызуға болмайды.

Қазақстан өнімдері тауық, түйеқұс, күркетауық, бөдене және қоян еті сияқты жоғары сапалы етке бағытталған диеталық өнімдермен кеңінен ұсынылады және бұл қалдықсыз өндіріс болып табылады, яғни барлығы: ет, терісі, қауырсыны және т.б. қолданылады.

Диеталық еттің өнімділігін әртүрлі тәсілдермен арттырады: асылдандыру әдістерімен, технологияларды жетілдірумен, теңгерімді аралас жеммен ұтымды азықтандырумен, микроклиматты реттеу технологияларымен және өсіру мен сақтаудың оңтайлы жағдайларын пайдаланумен, өнімді сертификаттау саласында мемлекеттік көмектің көрсетілуімен.

Жем құнының жоғары болуы қазақстандық нарықта диеталық ет өндірудің шетелдік бәсекелестерге қарағанда қымбатқа түсуіне алып келеді бірақ, сонымен бірге қазақстандық дайын өнімнің дәмдік қасиеті әлдеқайда жоғары болып табылады.

Авторлардың пікірінше, диеталық ет өндірісі экономикалық тұрғыдан тиімді және оны кеңейтуді қажет етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақала Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің статистикалық материалдарына, сондай-ақ ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері негізінде жазылған. Зерттеу барысында интернет-ресурстардың, қазақстандық және шетелдік авторлардың мерзімді басылымдарының материалдары зерттелді.

Жұмыста жалпы республикадағы 2019-2020 жылдарға арналған диеталық азық-түлік кәсіпорындары, сондай-ақ Қырғызстан, Ресей, Украина, Беларусь және Латвия сияқты елдердегі диеталық етті экспорттау және импорттаудағы шетелдік тәжірибе, сондай-ақ АҚШ бойынша деректерге талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелері ауыл шаруашылығы құрылымдары мен кооперативтері және т.б. ақпараттық және кеңес беру материалдары ретінде қолданылуы мүмкін.

Жұмыста ғылыми зерттеудің түрлі әдістері қолданылды. Теориялық зерттеу әдістерімен қатар авторлар статистикалық әдістерді қарастыратын сандық әдістерді, сондай-ақ әлеуметтік зерттеу әдістерін пайдаланды: неғұрлым дәл ақпарат алу үшін мерзімді басылымдардан, интернет көздерінен түрлі материалдарды талдау, әлеуметтік бақылау және т.б. қолданылды. Саланың дамуы туралы мәліметтерді талдау және салыстыру өндірістің осы түріне инвестиция салу қажет деген қорытындыға әкелді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Зерттеулер көрсеткендей, барлық ет диеталық емес. Диеталық ет деп ағзаға оңай сіңетін, ақуыздың, майдың және дәнекер тіндерінің, сондай-ақ макро және микро-элементтердің (тауық, бөдене, түйеқұс, күрке-тауық, қоян еті) теңгерімді арақатынасы бар етті түсіну қажет.

Диеталық етке теңіз құстарының, қырғауылдардың, сазқұндыз еті, ешкі еті, жас қой, майсыз шошқа еті, етті ірі қарадан алынған майсыз ет жатады [1].

Авторлар Қазақстанда диеталық құс және қоян етін өндірудің ерекшеліктері мен болашағын қарастырды.

Соңғы кездері республикада құстардың саны мен салмағының өсуіне байланысты өнім көлемінің ұлғаюы байқалады. 2020 жылғы көрсеткіштер өндіріс көлемінің артқанын көрсетеді. 2019 жылы республикада 104,5 мың тонна, ал 2020 жылы 112 мың тонна мұздатылған құс еті өндірілді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға жоғары. Бұл ретте салқындатылған/балғын құс етін өндіру 13,7%-ға (100,5 мың тоннаға дейін) өсті [2].

Қазір Қазақстан аумағында 60-тан астам құс фабрикасы жұмыс істейді, олардың жартысынан астамы жұмыртқаға бағытталған кәсіпорындары, ал қалғандары құс шаруашылығымен және құс етін өндірумен байланысты.

Қазақстанда соңғы жылдары құс өнімдерінің жалпы өнімі өсу үрдісіне ие болды: 2019 жылы – 238 489,4 млн теңге, 2020 жылы – 271 374 млн теңге. Сонымен қатар республикадағы құстардың саны аздап төмендеу үрдісіне ие болып отыр. Мәселен, 2019 жылдың қорытындысы бойынша оның саны 45 041,4 мың басты, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 43 335 мың басты, яғни төмендеу 3,8%-ды құрады. Өндірістің ең үлкен үлесі үш облысқа тиесілі: Алматы облысы – 23,5% (10597,9 мың бас), Ақмола облысы – 20% (9016,6 мың бас) және Қостанай облысы – 9% (4027,1 мың бас). Өндірістің кішігірім ауқымдары: Қарағанды қаласы – 7,3% (3314,2 мың бас), Шығыс Қазақстан облысы – 7,2% (3235,1 мың бас) және Солтүстік Қазақстан облысы – 6,9% (3113,3 мың бас) арасында бөлінген [3].

Республика бойынша құс етін өндірумен әртүрлі санаттағы шаруашылықтар айналысады. Мысалы, 2020 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 30 777,3 мың бас құс, жеке кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары – 706,5 мың бас, үй шаруашылықтары – 11 851,2 мың бас құс етін өндірді [3 қараңыз]. Қазақстандық өнімдер біртіндеп импорттық өнімдерді алмастырып келе жатқанын атап өту қажет, 2020 жылы оның үлесі 42% құрады [2 қараңыз].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2019 жылы құс етін шетелге жеткізу 2020 жылмен салыстырғанда 8,2%-ға жоғары болды. Мәселен, 2019 жылы құс етінің экспорты 13 764,2 тоннаны (21 236,4 мың АҚШ долларын), 2020 жылы 12 630,0 тоннаны (16 903,9 мың АҚШ долларын) құрады [4].

Елімізге импортталған құс еті 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 8,1 пайызға артық. Мысалы, бұл ет түрінің импорты 2020 жылы 183 437,7 тоннаны (165 173,1 мың АҚШ долларын), 2019 жылы 173 354,9 тоннаны (178 664,5 мың АҚШ долларын) құрады [5].

Қазақстан бірқатар елдерге құс етін белсенді түрде экспорттауда, осылайша 2020 жылы Ресейге – 9101,4 мың АҚШ долларына, Қырғызстанға – 6345,8 мың АҚШ долларына, Өзбекстанға – 517,9 мың АҚШ долларына, Беларусь – 468 1 мың АҚШ долларына, Грузияға – 272,2 мың

АҚШ долларына, Тәжікстанға – 129,3 мың АҚШ долларына экспортталды. Құс етінің басқа елдерге экспорты 2020 жылы 228,5 мың АҚШ долларын құрады [4 қараңыз].

Экспортқа құс етін негізгі жеткізушілер Алматы, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары болып табылады.

Сонымен қатар, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Тәжікстан, Түркия, Моңғолия және т.б. елдерге жеткізулер жүзеге асырылады. Жіберілген «ақ» өнімдердің ішінде тауық еті, мұздатылған құс еті және суб-өнімдер бар (1 кесте).

1 кесте – 2019-2020 жж. құс еті мен субөнімдердің экспорты мен импорты, мың тонна

Елдер	2019		2020		2020/2019 (+,-)	
	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт
Ресей	7,9	28,2	6,5	44,9	-1,4	+16,7
Қырғызстан	5,3	-	5,2	-	-0,1	-
АҚШ	-	13	-	106,8	-	-93,8
Украина	-	3,0	-	17,4	-	+ 14,4
Беларусь	-	7,2	-	9,4	-	+2,2
Латвия	-	1,7	-	1,9	-	+0,2

Ескерту: [6] ақпарат негізінде авторлармен құрастырылған

Құс өнімдерінің экспорттық жеткізілімдерін арттыруға экспорттық операцияларды қаржыландыру және сақтандыру рәсімдері, елге әкелінетін өнімдерге кедендік және ветеринариялық бақылауды белсендіру, құстардың жұқпалы ауруларына тұрақты мониторинг жүргізу ықпал етуі мүмкін.

Орташа есеппен алғанда Қазақстанның 1 тұрғынына жылына 24 кг құс еті сәйкес келеді, бұл 2027 жылға қарай 1 адамға құс етін тұтыну 36 кг құрайды деп болжауға мүмкіндік береді. 2027 жылға қарай Қазақстан халқы санының 21 миллион адамға дейін өсетіндігін ескерсек, сәйкесінше құс етін өндіруді орташа есеппен 3 есеге арттыру қажет болады [7].

Қазақстанда азық-түліктер ішінен құс еті едәуір қымбаттады. Бағаның мұндай өзгеруі жемшөп құнының өсуі, отын және басқа энергия тасымалдаушыларға тарифтердің көтерілуі, құс аурулары және басқа да факторлар нәтижесінде орын алды.

2020 жылдың желтоқсан айында тауық етінің 1 килограммы 933 теңге болды (жылдық есеппен, +2,2%), ал сан етінің килограммы – 789 теңге (жылдық есеппен, -5%). Ең қымбат тауықтар мен аяқтар Ақтау мен Нұр-Сұлтанда, ал Қостанай мен Ақтөбеде арзанырақ (сәйкесінше 750 және 890 теңге).

2021 жылдың желтоқсан айында Алматыда тауық етінің килограммы орташа есеппен 1002 теңгені құрады. (жылдық есеппен +2,2%), ал сан етінің килограммы –

920 теңге. (жылдық есеппен, +5%). Құс етінің ең көп қымбаттауы Түркістан облысында – 18,4%-ға дейін, Маңғыстау облысында – 16,6%-ға, Шымкент қаласында – 16,4%-ға, Қостанай облысында – 4,1%-ға дейін байқалды [8].

Тағы бір құнды және диеталық өнім түйеқұс еті болып табылады. Қазақстандағы соңғы жылдардағы елеулі жетістіктердің бірі – жеке фермерлердің бастамасымен сәтті игерілген түйеқұс өсірудің бірегей технологиясы болып табылады, қазіргі кезде ол әлемнің көптеген елдерінде экзотикадан жоғары кірісті мал шаруашылығы саласына айналды, және Қазақстанда да ол ет ресурстарын толықтырудың сенімді көзіне айнала алады. Бұл технология Алматы, Ақмола сияқты облыстардағы, Тараз, Қарағанды, Жезқазған, Өскемен қалаларындағы түйеқұс шаруашылықтарында сәтті жұмыс істеп жатыр.

Түйеқұс етінің басқа ет түрлерінен айырмашылығы, оның құрамында холестерин мөлшерінің өте аз болуында – 100 г-ға 32 мг-нан аспайды, ал түйеқұс етінде шамамен 22% ақуыз бар және адам үшін маңызды микроэлементтер жиынтығына бай. Бұл ретте түйеқұстардың құс тұмауымен ауырмайтынын атап өту қажет. Дәмі жағынан түйеқұс еті нәзік бұзау етіне ұқсайды.

2 кестеде түйеқұс еті мен ірі қара мал етінің салыстырмалы талдауы көрсетілген.

2 кесте – Ірі қара мал мен түйеқұстың кейбір көрсеткіштерін салыстыру

Көрсеткіштер	Түйеқұс	ІҚМ
Жүктілік кезеңі, инкубация, күндер	42	280
Жылына төл, бас	30	1
Сою жасына жетуі, бас	30	1
Ұрықтанудан союға дейінгі кезең, күн	407	645
Тірі салмақтан таза ет шығымы, %	50	40
1 аналық/сиырдың бір жылдық төлінен алынған ет, кг.	1000	250
1 аналық/сиырдың бір жылдық төлінен алынған тері, м3	40	2,7
Алынған қауырсын, кг.	35	-
Ескерту: [9] ақпарат көзінен алынған.		

Сиырдың бұзауы, буаз болған кезден бастап 600-650 күнде сойылатын салмаққа жетеді. Сойғанда оның салмағы орташа есеппен 240-250 килограмм етке жетеді. Салыстыратын болсақ, бір түйеқұс жыл сайын кем дегенде 30 балапан әкеледі. Ұрықтанған кезден бастап сойыс салмағына 407-410 күнде жетеді. Бұл 30 балапан жылына орта есеппен 1000 килограмм ет, 40 м² тері, 35 килограмм қауырсын береді. Осыдан түйеқұс өсірудің қаншалықты тиімді екенін көреміз [9 қараңыз].

Түйеқұс етінен жасалған деликатес көбінесе Нұр-Сұлтан, Алматы және Қостанай қалаларындағы дүкендерде сатылады. Қазақстанның басқа қалаларында түйеқұс еті сұранысқа ие емес. Бір килограмм еттің бағасы 7000 теңге және одан жоғары, ал өнім өндіруге арналған қосалқы өнім материалдары (сөмке, әмиян, түйеқұс қауырсыны және т.б.) бір өнімге 100 АҚШ долларына дейін құрайды. Негізінен бұл нақты өнім Қазақстанның ірі мейрамханаларына таратылады, өйткені оның тұрақты тұтынушыларының бөлек сегменті бар.

Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстанда түйеқұс шаруашылығын дамытудың үлкен артықшылықтары бар:

- иммунитеті жоғары болғандықтан түйеқұстар көптеген ауруларға төзімді;

- сауатты дұрыс құрастырылған бизнес-жоспармен инвестицияның қайтарымы тез болады;

- құстардың терісі мен қауырсындарын аяқ киім, киім және сөмке өндірушілер жоғары бағалайды, бұл да өз кірісін әкеледі;

- түйеқұс етін өндірудің өсуіне байланысты түйеқұс еті мен жұмыртқасының бағасын төмендетуге болады;

- бизнесті жүргізу үшін мемлекет субсидиялар мен түрлі жеңілдіктер береді, мемлекеттік қолдауға жүгінуге болады.

Осылайша, түйеқұс еті пайдалы тағам өнімі болып табылады, өйткені оның құрамында холестерин жоқ, диеталық өнім болып табылады, мейрамханалар мен

спорт клубтарына келушілер арасында сұранысқа ие.

Түйеқұстан кейінгі екінші үлкен құс – күрке-тауық, оның да бірқатар тағамдық қасиеттері бар және диеталық өнім болып табылады. Қазақстанда күрке-тауық етін өсіретін жеке шаруашылықтар (Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облысы және басқа облыстар) бар.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы күрке-тауық етін өсірумен, өндірумен және терең өңдеумен айналысатын алғашқы және жалғыз кәсіпорын «Ордабасы құс» ЖШС болып табылады. Ол «Халал» брендімен жыл сайын 9 мың тонна экологиялық таза өнім талаптарына сәйкес келетін ет өндіреді. Ішкі нарықта 5 мың тоннасы сатылады, оның 3 мың тоннасы таза ет, 2 мың тоннасы өңделген өнім. Еттің орташа құны 2-3 мың теңге. Ресей жыл сайын 4000 тонна салқындатылған және/немесе ысталған ет алады. «Ордабасы құс» ЖШС күрке-тауық етін өндіру мен өңдеуді жылына 20 мың тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр [10].

Диеталық еті бар ең кішкентай құс – бөдене. Көптеген аймақтар үшін бөдене еті экзотикалық қызығушылықты тудырады және дәстүрлі тауық етіне артықшылық беріледі. Бөдене шаруашылықтары Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларында, Солтүстік Қазақстан облысында, Шығыс Қазақстан облысында және т.б. орналасқан.

Дегенмен, бөдене жұмыртқасына сұраныс оның жоғары сіңімді ақуызына байланысты жиі ұсыныстан асып түседі. Бөдене жұмыртқасы радионуклидтерді кетіруге қабілетті және жоғары антиоксиданттық қасиеттерге ие.

Үй шаруашылығы жағдайында бөдене өсіру бизнесінің бәсекелестік деңгейі төмен, өтелуі тез және болашағы бар, сондықтан ол жақсы қарқын алуда, бастапқы капиталдың төмендігі, ұстау және өсіру үшін шағын аумақтар қажет етіледі.

Бұл бизнестің жағымсыз факторларына бөденелердің денсаулығы мен өсіруіне температура режимін талап етілетіндігін

және жас кәсіпкерлердің сату нарығында жиі проблемалар туындауын жатқызуға болады.

Бөдене етінің орташа бағасы аймаққа байланысты килограммы 2,5 мың теңгеден 3,8 мың теңгеге дейін шамасында.

Медицина тұрғысынан Қазақстан үшін қызығушылық білдіретін өнім – қоян еті, дәрігерлер оны балалар мен қарт адамдарға жүрек-тамыр жүйесі, асқазан, бауыр, қант диабеті мәселелерін шешу үшін пайдалануды ұсынады.

Кеңес дәуірінде Қазақстан Республикасында 154 қоян фермасы жұмыс жасап, осы шаруашылықты дамытуда жетекші орынға ие болды. Біртіндеп өндірістің құлдырауы байқалды. Осылайша, 90-шы жылдарға қарай тек 23 қоян фермасы қалды.

Қоян фермалары қалдықсыз өндіріс, мұнда тек ет пен терісі ғана емес, бәрі пайдаланылады. Мысалы, қоянның бауыры – килограммы бес мың теңгеден асатын деликатес өнім. Жеуге жарамсыз ішектерді құс өсірушілер тамаша қосымша азық ретінде пайдаланады, ал көң азотпен қаныққан бағалы тыңайтқыш болып табылады, ол әсіресе жидек дақылдарына – құлпынай, бүлдірген және таңқурайға қажет, оларды қазір жергілікті фермерлер өз жерлеріне белсенді түрде отырғызады, сондай-ақ қызанақ, қызылша және жүгері үшін қолданылады. Нарықтағы қазіргі жағдай күрделі дамып, сұраныс 20%-ға ғана жабылып отыр. Қоян етін негізгі жеткізушілер – Қытай мен Еуропа елдері.

Дегенмен пандемия өзіндік түзетулер енгізді: қоян етіне сұраныс артты, сәйкесінше баға бір килограмға орта есеппен 25%-ға (2 мың теңгеден 2,5 мың теңгеге дейін) өсті. Сондай-ақ, ет бағасының қымбаттауына жемшөп бағасының килограммы 95 теңгеден 110-115 тг дейін қымбаттауы ықпал етті [11].

Жыл сайын елімізде қоян етіне сұраныстың артуы, шағын фермалардың пайда болуына алып келеді. Қоян өндірушілердің көп саны Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Петропавл және Қостанай қалаларында байқалады [12].

Қоян шаруашылығы мен асыл тұқымды шаруашылықтарды дамытуға үлкен қолдау көрсетіп отырғанын Бүкіләлемдік ғылыми қоян қауымдастығы (WRSA) көрсетіп отыр, ол біздің елімізді қоян шаруашылығын дамытудың перспективалы елдерінің бірі ретінде қарастырады.

Қоян еті тұтынушылар арасында да, мейрамхана бизнесінде де сұранысқа ие болғандықтан, елімізде қоян өсіруге мүм-

кіндік мол екендігін айтып өту қажет. Тері өндірісінде қоян терісі сұранысқа ие.

Сонымен қатар, бұл саланың дамуына жалпы қоян шаруашылығын кеңейтуге және дамытуға кедергі келтіретін бірқатар мәселелер бар:

– өнімдерді ветеринарлар тексермейді, сондықтан шағын және ірі сауда желілеріне рұқсат беретін ветеринариялық сертификаты жоқ;

– фермерлер мен ірі желілер арасындағы желі әлсіз қалыптасқан. Айына 40-50 кг қоян етін шағын көлемде өндіру орташа есеппен айына 2 мың тоннаға жуық қажет ететін ірі супермаркеттерге жеткізу мәселелерін шешпейді;

– өнімді алға жылжытатын жарнама жоқ, бұл жаппай өнім емес, сондықтан сатып алушылар оны бастапқыда өте сақтықпен қабылдады, бұл жерде мәдени ерекшеліктері мен сатып алушылардың өздерінің менталитеті үлкен мәнге ие;

– құжаттаманы дайындау кезінде жануарларды экспорттау мен импорттаудың күрделілігі. Мұнда өсіру үшін жас малдар Еуропадан, Ресейден, Белоруссиядан әкелініп, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанға сатылып жатыр [13].

Мал шаруашылығын дамыту бойынша қарастырылған бағыттардан құс шаруашылығының, атап айтқанда тауық шаруашылығының жақсы дамығанын атап өткен жөн. Қазақстанда түйеқұс пен қоян шаруашылығын дамытудың жағдайы өте әлсіз болып отыр.

Елімізде қоян шаруашылығын дамытуға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірлеген саланы дамыту тұжырымдамасы, сондай-ақ қояндар санын, іріктеу және асылдандыру жұмыстары және сатылған етке субсидиялар енгізуді дамыту мәселелері бойынша нормативтік және заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу ықпал ете алар еді.

Қорытынды.

Диеталық тамақтану өндірісін дамыту үшін келесілер қажет:

1. Ғылыми-техникалық үдерістің заманауи жетістіктерін өндіріске тиімді енгізу үшін ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарына қаражат бөліп, инвестициялау қажет. ЖОО, ғылыми-зерттеу институттары мен өндіріс арасындағы өзара байланысқа бағытталған интеграцияланған ақпараттық жүйені құру.

2. Жабдықтарды, мекемелерді сатып алуға, өндірісті қайта жарақтандыруға және қайта жабдықтауға несие беруді ынталандыру және т.б. мемлекеттік қолдау әрқашан қажет, әсіресе өндірістің қалып-

тасуы кезінде. Бұл бастапқы кезеңдерде салықтық жеңілдіктер беру немесе салық төлемдерінен босату болуы мүмкін.

3. Құстардың, қояндардың санын көбейту, озық тәжірибелерді қолдану саласында тәжірибе алмасу; зауыттарды жабдықтармен және машиналармен жабдықтауды ұлғайту, экологиялық таза (органикалық) өнім алу технологиясын жетілдіру.

4. Сала арасындағы байланыс жүйесін жетілдіру және жетіспейтін өндірістерді енгізу: асыл тұқымды және селекциялық орталықтар құру, ветеринариялық дәрілер, жоғары сапалы арзан отандық премикстер және т.б. өндірісін жолға қою.

5. Қазақстандық өнімді жасау және ілгерілету, өнімді ішкі нарықта жылжыту бойынша жарнамалық қызметті дамыту және өнімді сертификаттау саласында мемлекетке көмек көрсету; бірлескен сауда миссияларын ұйымдастыру және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өндірушілері мен шетелдік серіктестер арасындағы келісім-шарттарды үйлестіру және т.б.

Әдебиеттер тізімі

[1] Давлетов, И.И. Обоснование необходимости производства диетического мяса в рамках федеральной программы «Здоровое питание – здоровье нации» / И.И. Давлетов // Московский экономический журнал. - 2019. - №8. – С. 393-398.

[2] Мясо и птица подорожали на 11% за год [Электронный ресурс]. - 2020. - URL: <https://news.mail.ru/economics/48881217/> (дата обращения: 4.12.2021).

[3] Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан, 2016-2020 [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/publication> (дата обращения: 03.01.2022).

[4] Масанов Ю. На какие рынки за пределы ЕАЭС Казахстан поставляет мясо [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2021-03/na-kakie-rynki-za-predely-eaes-kazakhstan-postavlyayet-myaso> (дата обращения: 12.22.2021).

[5] Экспорт и импорт Республики Казахстан по мясу и мясопродуктам за январь-декабрь 2020 г. [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6> (дата обращения: 03.01.2022).

[6] В Казахстане дорожают все виды мяса. Инфографика [Электронный ресурс]. - 2020. - URL: <https://lsm.kz/myaso-industriya-itogi-2020-god-infografika> (дата обращения: 6.12.2021).

[7] Сигарев, М.И. Государственное регулирование отрасли птицеводства в Казахстане / М.И. Сигарев, Ж.М. Нуркужаев, Л.Т. Алшембаева // Проблемы агробизнеса. - 2020. - №1. – С. 44-49.

[8] Стамкулова, К.У. Инновационные технологии в птицеводстве республики Казахстан / К.У. Стамкулова, М.У. Стамкулова // Проблемы агробизнеса. - 2021. - №2. - С.116-122.

[9] Папуша А. В. Продукция страусоводства и эффективность разведения страусов в северном Казахстане [Электронный ресурс]. - 2020. - URL: http://www.rusnauka.com/18_NPM_2008/Veterenaria/34628.doc.htm (дата обращения: 7.12.2021).

[10] Количество производителей мяса индейки в Казахстане может увеличиться до двух [Электронный ресурс]. - 2020. - URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/kolichestvo-proizvoditelej-myasa-indejki-v-kazahstane-mozhet-uvlechitsya-do-dvuh> (дата обращения: 7.12.2021).

[11] Казахстанские кролиководы покрывают лишь 20% спроса [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://kapital.kz/business/90812/kazakhstanskiye-krolikovody-pokryvayut-lish-20-sprosa.html> (дата обращения: 8.12.2021).

[12] Кролиководство в Казахстане [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://mnogo-krolikov.ru/razvedenie-krolikov/krolikovodstvo-v-kazahstane>. (дата обращения: 7.12.2021).

[13] Кролиководы просят внести их отрасль в закон [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/proizvoditeli-ustali-prodavat-krolikov-pod-vidom-koshek> (дата обращения: 9.12.2021).

References

[1] Davletov, I.I. (2019). Obosnovaniye neobkhodimosti proizvodstva diyeticheskogo myasa v ramkakh federal'noy programmy «Zdorovoye pitaniye – zdorov'ye natsii» [Justification of the need for the production of dietary meat in the framework of the federal program "Healthy nutrition - the health of the nation"] // Moscow Economic Journal, 8. - 393-398. [in Russian].

[2] Myaso i ptitsa podorozhali na 11% za god [Meat and poultry rose by 11% over the year]. (2020). Available at: <https://news.mail.ru/economics/48881217/> (date of access: 4.12.2021). [in Russian].

[3] Sel'skoye, lesnoye i rybnoye khozyaystvo v Respublike Kazakhstan [Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan, 2016-2020]. (2021). Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/publication> (date of access: 10.01.2022). [in Russian].

[4] Masanov YU. Na kakiye rynki za predely YEAES Kazakhstan postavlyayet myaso [To which markets outside the EAEU does Kazakhstan supply meat]. (2021). Available at: <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2021-03/na-kakie-rynki-za-predely-eaes-kazakhstan-postavlyayet-myaso> (date of access: 12.22.2021) [in Russian].

[5] Eksport i import Respubliki Kazakhstan po myasu i myasoproduktam za yanvar'-dekabr'

2020 g. [Export and import of the Republic of Kazakhstan for meat and meat products for January-December 2020]. (2021). Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6> (date of access: 03.01.2022). [in Russian].

[6] V Kazakhstane dorozhayut vse vidy myasa. Infografika [All types of meat are becoming more expensive in Kazakhstan. Infographics]. (2020). Available at: <https://ism.kz/myaso-industriya-itogi-2020-god-infografika> (date of access: 6.12.2021). [in Russian].

[7] Sigarev, M.I., Nurkuzhayev, Zh.M., Alshembayeva, L.T. (2020). Gosudarstvennoye regulirovaniye otrasli pitsevodstva v Kazakhstane [State regulation of the poultry industry in Kazakhstan] // Problemy agrorynka - Problems of agrimarket, 1, 44-49. [in Russian].

[8] Stamkulova, K.U., Stamkulova, M.U. (2021). Innovatsionnyye tekhnologii v pitsevodstve respubliki Kazakhstan [Innovative technologies in poultry farming of the Republic of Kazakhstan] // Problemy agrorynka - Problems of agrimarket, 2, 116-122. [in Russian].

[9] Papusha A. V. Produktsiya strausovodstva i effektivnost' razvedeniya strausov v severnom Kazakhstane [Production of ostrich breeding and the efficiency of breeding ostriches in northern Kazakhstan]. (2021). Available at: http://www.rusnauka.com/18_NPM_2008/Vetere

naria/34628.doc.htm (date of access: 7.12.2021). [in Russian].

[10] Kolichestvo proizvoditeley myasa indeyki v Kazakhstane mozhet uvelichitsya do dvukh [The number of turkey meat producers in Kazakhstan may increase to two]. (2020). Available at: <https://inbusiness.kz/ru/news/kolichestvo-proizvoditeley-myasa-indeyki-v-kazakhstane-mozhet-uvelichitsya-do-dvukh> (date of access: 7.12.2021). [in Russian].

[11] Kazakhstanskiye krolikovody pokryvayut lish' 20% sprosa [Kazakhstani rabbit breeders cover only 20% of demand]. (2021). Available at: <https://kapital.kz/business/90812/kazakhstanskiye-krolikovody-pokryvayut-lish-20-sprosa.html> (date of access: 8.12.2021). [in Russian].

[12] Krolikovodstvo v Kazakhstane [Rabbit breeding in Kazakhstan] (2021). Available at: <https://mnogo-krolikov.ru/razvedenie-krolikov/krolikovodstvo-v-kazaxstane> (date of access: 7.12.2021). [in Russian].

[13] Krolikovody prosyat vnesti ikh otrasl' v zakon [Rabbit breeders are asking to legalize their industry]. (2021). Available at: <https://inbusiness.kz/ru/news/proizvoditeli-ustali-prodavat-krolikov-pod-vidom-koshek> (date of access: 9.12.2021). [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Гриднева Елена Евгеньевна – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; «Экономика және бизнес» кафедрасының профессоры; «Қайнар» Академиясы; 050013 Сәтбаев көш., 7а, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: elengred@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3279-2036>.

Калиакпарова Гульнар Шаймардановна; Ph.D докторы; «Экономика және бизнес» кафедрасының меңгерушісі; «Қайнар» Академиясы; 050013 Сәтбаев көш., 7а, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: GK_2003@rambler.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1859-9774>.

Сыздыкова Куляш Шаймолденовна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика және бизнес» кафедрасының профессоры; «Қайнар» Академиясы; 050013 Сәтбаев көш., 7а, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: syzdykova-k@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5228-1842>.

Information about authors:

Gridneva Yelena Evgenievna – The main author; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Professor of the Department of Economics and Business; «Kainar» Academy; 050013 Satbayev str., 7a, Almaty, Kazakhstan; e-mail: elengred@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3279-2036>.

Kaliakparova Gulnar Shaimardanovna; Ph.D; Head of the Department of Economics and Business; «Kainar» Academy; 050013 Satbayev str., 7a, Almaty, Kazakhstan; e-mail: GK_2003@rambler.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1859-9774>.

Syzdykova Kulyash Shaimoldenovna; Candidate of Economic Sciences; Professor of the Department of Economics and Business; «Kainar» Academy; 050013 Satbayev str., 7a, Almaty, Kazakhstan; e-mail: syzdykova-k@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5228-1842>.

Информация об авторах:

Гриднева Елена Евгеньевна – основной автор; кандидат экономических наук, доцент; профессор кафедры «Экономика и бизнес»; Академия «Кайнар»; 050013 ул. Сатпаева, 7а, г. Алматы, Казахстан; e-mail: elengred@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3279-2036>.

Калиакпарова Гульнар Шаймардановна; доктор Ph.D; заведующая кафедрой «Экономика и бизнес»; Академия «Кайнар»; 050013 ул. Сатпаева, 7а, г. Алматы, Казахстан; e-mail: GK_2003@rambler.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1859-9774>.

Сыздыкова Куляш Шаймолденовна; кандидат экономических наук; профессор кафедры «Экономика и бизнес»; Академия «Кайнар»; 050013 ул. Сатпаева, 7а, г. Алматы, Казахстан; e-mail: syzdykova-k@mail.ru <https://orcid.org/0000-0001-5228-1842>.